



**МҚК Талдықорған Медициналық
колледжі**

Ағза реактивтілігі

Орындаған: Ордабаева Б.М.
Тексерген: Алибекова А.М.





Часть тромба может
отделиться и с током
крови перекрыть
артерию мозга



Часть
тромба

Тромб
в сонной
артерии

Организм реактивтілігі (латын сөзі – **reactia** – қарсы іс-әрекет) – организмнің сыртқы және ішкі ортаның әсеріне тіршілік жауап беруі. Түрлік реактивтілік – белгілі бір жануарларға тән реактивтілік, басқаша айтқанда сыртқы әсерлерге өзіндік тұқымқуалаушылық, анатомия-физиологиялық ерекшеліктеріне байланысты іс-әрекеті. Мысалы: жануарлардың маусымға байланысты тәртібі. Адамның реактивтілігі көптүрлі, бұл жерде ІІ-ші сигнал жүйесінің маңызы өте зор. Сөздің әсері емдік әсер мен қатар ауру тудыруы да мүмкін.

Топтық реактивтілік – бұл жеке топ адамдарының (жануарларының) белгілі бір ортақ қасиеттеріне байланысты, сыртқы әсерлерге реактивтілігі. Мысалы: еркектерде подагра, превратник стенозы, микседема, жиі кесдеседі. асқазан жарасы, ревматоидты артрит, Әр адам (жануар) түрлік, топтық реактивтілікпен қатар сыртқы әсерлерге өзінің өмір сүру ерекшелігіне байланысты іс-әрекеттермен жауап береді. Мысалы: тұмау вирусының әсерінен біреулер қатты ауырады, екіншілер жеңіл ауырады, ал үшіншілері мүлдем ауырмайды, бұл өзіндік реактивтілікке байланысты.

Физиологиялық реактивтілік – сыртқы ортаның әр-түрлі факторларының әсеріне организмнің өмір сүру әрекетінің өзіне зиянсыз өзгеруі. Мысалы: адамның (жануарлардың) патогенді емес.

Патологиялық реактивтілік микробтарға, әлсіз тітіркендіргіштерге орташа физикалық күшке, сыртқы ортаның температура өзгерістеріне бейімделуі.

Дерттік организмнің сыртқы ауру тудырғыш факторларына ауыру арқылы жауап беруі, немесе ауру, дерт-патологиялық реактивтілік. Бұл реактивтілік жеке адамда, жануарларда, топта, түрде болады.

Спецификалық реактивтілік – бұл организмнің антиген әсеріне антидене немесе жасуша комплексінің пайда болуымен және әсерімен жауап беруі, яғни имундық жүйенің реактивтілігі. Түрлері: белсенді спецификалық иммунитет, аллергия, аутоиммунды аурулар, имун жетіспеушілік жағдайлар.

Спецификалық емес реактивтілік – организмнің сыртқы факторлар әсеріне жауап берудегі болған өзгерістер имундық жүйенің қатысуынсыз болған жағдайда болады. Мысалы: организмде гипоксия, жарақат шоқында, зорлануда пайда болатын өзгерістер.

Реактивтіліктің түрлері




Резистенттік төменділік— организмнің патогенді факторларға төзімділігі.

Төзімділіктің айқындалуының формалары әр-түрлі. Мысалы: тері мен шырышты қабат микроорганизмдердің енуіне тосқауыл қызмет атқарады.

Біріншілік төзімділік – тұқымқуалаушылық. Организм өзінің конституциялық ерекшеліктеріне байланысты сыртқы патогенді микроорганизмнің енуіне, өсіп-өнуіне, ауру тудыруына жағдайлы ортасы жоқ.

Екіншілік төзімділік – жүре пайда болған төзімділік. Инфекциялық аурулардан кейінгі, егулерден кейінгі иммунитет.

Пассивті белсенсіз төзімділік – организмнің барьерлік жүйесінің тері, шырышты қабат, бактериоцидтік факторлар асқазандағы тұз қышқылы, сілекейдегі мезоцим, тектік иммунитет.



Активті белсенді төзімділік – қорғаныс бейімделу және компенсаторлық механизмдердің қосылуымен қамтамасыз етіледі фагоцитоз, антиденелердің түзілуі, токсиндердің залалсыздандырылуы және шығуы, стресс гормондарының бөлінуі, тыныс алудың және қан айналымның өзгеруі, қалтырау, т.б. Реактивтілік пен төзімділіктің түзілуі организмнің конституциясына, зат алмасу ерекшелігіне, жүйке, эндокрин, иммунды жүйелерінің жағдайына, жасына, жынысына, сыртқы ортаның жағдайына байланысты.

Конституция – (лат. *constitutio* – жағдай, қасиет) сыртқы ортаның әсерінен генотип негізінде пайда болған тұрақты морфофункциональдық, психикалық ерекшеліктер.

Адамның дене құрылымының
3 түрі:



А) Нормостеник-қалыпты

Б) Гиперстениктер – иықтары кең, аяқ-қолдары салыстырмалы қысқа, беті дөңгеленген, мойны мен кеудесі қысқа, эпигастральды бұрышы 900-тан жоғары, іші үлкен, бұлшықеттері мен тері асты майлы қабаты жақсы дамыған. ӨТС – төмен, өйткені диафрагма жоғары орналасқан, жүрегі үлкен, горизонтальды орналасқан, аортасы кең.

В) Астениктер – бойлары ұзын, арықша, эпигастральды бұрышы үшкір. Барлық көрсеткіштері гиперстениктерге қарама-қарсы.

Нормостениктерде жоғарғы тыныс жолдар аурулары, қозғалыс аппараты аурулары, невралгиялар, коронаросклероз жиі кездеседі.

Гиперстениктерде қан қысымының жоғарылауы, инсульт, қант диабеті, семіздік, атеросклероз, жүректік ишемиялық ауруы, қан тамырларының тромбозы, холецистит, жоғарғы қышқылды гастрит көп кездеседі.



- Гормондар
- Бөлетін бездер ағзаға әсері
- Тироксин қалқанша безі, негізінен зат алмасу қарқындылығын арттырады
- Паратгормон Қалқанша маңы безі Кальций және фосфор алмасуын реттейді
- Инсулин Ұйқы бездің аралды бөлігі, бұлшық ет және басқа жасушалардың глюкозаны пайдалануын арттырады, қанның құрамындағы канттың мөлшерін азайтады, гликогеннің қорын арттырады, глюкозаның алмасуына әсер етеді.
- Глюкагон Бауырдағы гликогеннің канда глюкозаға айналуына әсер етеді.
- Адреналин Бүйрек үсті бездің без заты симпатикалық жүйкелердің әсерін арттырады, бауыр мен бұлшық еттердегі гликогеннің ыдырауына әсер етеді
- Норадреналин Қантамырларын тарылтады.
- Өсу гормоны (соматропты гормон) Гипофиздің алдыңғы бөлігі сүйектің және ағзаның калыпты өсуін реттейді, нәруыздың, көмірсудың және майдың алмасуына әсер етеді